

## Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 16 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 31 қаңтарда N 2-13-61 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2009.01.23 N 14 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 4-5)-тармақшасына және 18-1-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру ұсынатын жұмысберушілерді іріктеу Тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі әлеуметтік жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілермен шартқа отыруға уәкілетті болып саналсын.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі:

1). халықтың нысаналы тобына жататын уәкілетті органда тіркелген жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу жүзеге асырылсын;

2). 2008 жылға арналған ауданның бюджетінде көзделген қаражатшегінде жұмыс берушінің еңбегіне төлеген шығынның ішінара төлемі өтелсін;

3) әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған жұмыссыздардың еңбегіне төлеген шығынның ішінара өтемақысының мөлшері ең төменгі еңбек жалақысы көлемінде екінші банк деңгейіндегі жұмыссыздардың есеп шотына аудару арқылы жүзеге асырылсын.

4. Аудандық қаржы бөліміне әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру бойынша қаражатты уақытымен бөлінуін қамтамасыз етсін.

5. Кербұлақ аудандық әділет басқармасында нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылдың 12 ақпанында N 2-13-41 болып тіркелген (аудандық "Кербұлақ жұлдызы" басылымында 2007 жылы ақпан айының 16 күні N 7 санында жарияланған), аудан әкімдігінің 2007 жылғы

24 қаңтардағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" N 11 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Әбдік адыровқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Н. Жантілеуов*  
Кербұлақ ауданы әкімдігінің  
2008 жылғы 25 қаңтарындағы  
"Әлеуметтік жұмыс орындарын  
ұйымдастыру туралы"  
N 16 қаулысымен бекітілген  
қосымша

## **Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібі**

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібі Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1-бабына сәйкес жасалды.

1. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыс берушімен нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілетті органмен жұмыс берушілердің еңбекақы төлемі шығынына ішінара өтемақысы төленетін шарттық негізде құралады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруын жұмыс берушілерді тіркеу келесі өлшемдер бойынша ерекшелінеді:

1). әлеуметтік жұмыс орындары халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздар үшін әдейі арналады;

2) әлеуметтік жұмыс орындары уақытша сипатта болады және ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар пайдаланылмайды;

3) жұмыс берушінің жұмысты жартылай жұмыс күнімен және икемдікесте шарттары бойынша ұйымдастыруға мүмкіндігі бар.